

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдәурен бөбекжай-балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
жалпы ата – аналар жиналысының

ХАТТАМАСЫ № 1

Сызған ауылы

13 қыркүйек 2021 жыл

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі, педагогтар және ата – аналар

Жиналыс қашықтан (онлайн) түрінде жасалды

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕ:

1. Балабақшаның оқу жылының оқу – тәрбие жұмыс жоспары, күн тәртібі және оқу кестесімен таныстыру.
2. Баяндама: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» тәрбиеші Ганиева Б.А
3. Ата – аналар комитетін және мүшелерін сайлау.

ТЫҢДАЛДЫ: Жылысбаева Р. М – б/б меңгерушісі м.а

«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасының меңгерушісі м.а Р. Жылысбаева сөз алды. Ол өз сөзінде ата – аналарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Балабақшаның МДҰ- ның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының 2021 – 2022 оқу жылына арналғын тәрбие мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік хаты және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Бас санитариялық дәрігердің 2021 жылғы 25 тамыздағы № 36 қаулысын негізге алып жұмыс жасайтынымыз туралы айтып өтті. Мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім беру қызметін қамтамасыз етуде қажетті жағдайларды жасау мақсатында МДҰ – дың қызметін реттейтін нормативті, – құқықтық құжаттармен, балабақшаның күн тәртібімен, оқу кестесімен және ас мәзірімен таныстырды. Балабақшаның Жарғысына сәйкес жұмыс уақыты

9 сағат, яғни таңғы 8:30 – дан кешкі 17:30 аралығында балабақша қызмет жасайды. Балабақшаның оқу тәрбие жүктемелері «Қарлығаш» ортаңғы тобында 12 сағат, оқу іс әрекетінің ұзақтығы 15 – 20 минутты құрайды. Ал «Балапан» кіші тобында 9 сағат, оқу іс әрекетінің ұзақтығы 10 – 15 минутты құрайды. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Бас санитариялық дәрігердің 2021 жылғы 25 тамыздағы № 36 қаулысында балабалардың балабақшаға кіріп – шығуы, жеке бас гигиенасын дұрыс қолдануы, қолды жуу алгоритімін білуі, ата – аналардың балабақша ауласында баланы тәрбиешіге тапсыруы, медбикенің тепловизормен тексеріп қабылдауы, балабақша қызметкерлерінің бет пердемен жүретіні жөнінде айтып өтті. Балабақшаның ішкі ережесіде қатаң медбикенің бақылауында болатынын сөз етті.

Баяндамашы Ганиева Б – б/б тәрбиешісі

Балабақша тәрбиешісі Б. Ганиева «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» тақырыбында баяндама оқыды. Өз баяндамасынды: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі алдында Модельді іске асыруда балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті жүзеге асыруда ата - аналарға көмек көрсету жолымен оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін:

1. Әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым – қатынас ортану.
2. Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен білім беру ұйымының күш – жігерін біріктіру.
3. Өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, педагогикалық процеске қатысушылардың арасында қарым – қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдану.
4. Балалардың ата – аналармен және заңды өкілдермен сындарлы ынтымақтастыққа қарым – қатынас орнату үшін педагогтарды даярлау көзделеді.

Ата – аналармен жұмыста ата – аналар жиналысының жаңа форматтары, олар тренингтер, семинарлар, ата – аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата – аналар конференциясы, ата – аналармен бейресми байланыс ортану, олардың назарын мектепке дейінгі ұйымға аударуға бағытталған дәстүрлі емес қарым – қатынастар түрінде өтуге тиіс. Ата – аналар өз баласын жақсы білуі керек, өзі үшін таныс емес жағынан көруі тиіс, педагогтармен өзара қарым – қатынаста болуы қажет. Сонымен қатар қай кезде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында

бүлдіршіндер тәрбиесін жан – жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтау басты міндетіміз. Сондай – ақ, ата – ана мен балабақша ынтымақтастығы оң нәтиже беру үшін тығыз байланыста болуы қажет. Балаларды мектепке психологиялық дайындықтың қажетті деңгейін қалыптастыруға, құрдастары және педагогтармен қарым – қатынас жасауға бағытталған белгілі бір логикаға құрылған кзара байланысты кіріктірілген сабақтар жүйесін ұсынады. Әрекетті ұйымдастырудың негізгі түрі – ойын сабақтар. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизімін құрайды. Бала жоспарлаған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады, - деп баяндамасын аяқтады.

ТЫҢДАЛДЫ: Жылысбаева Р. М – б/б меңгерушісі м.а

Балабақша меңгерушісі м.а Р. Жылысбаева баяндамада айтылғандай балабақшамен тығыз байланыста болу үшін және оны жүзеге асыру мақсатында ата – аналар комитетін сайлау керек. Сондықтан балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес 2021 – 2022 оқу жылына ата – аналар комитет сайлау керектігін сөз етті.

Жарыс сөз: Аңшыбаева Л – ата – ана

Балабақшаның ата – анасы Л. Аңшыбаева бүгінгі ата – аналар жиналыстың балабақшаның жоспарымен танысып, балаларының күн ұзаққа немен айналысытынын түсіндім. Тәрбиеші Б. Ганиеваның оқыған баяндамасынан көп керекті мағлұмат алдым. Бала тәрбиесінің аса жауапкершілікті талап ететінін білдім. Бұл балабақшаға менің тұңғышым келеді. Мен жас ана ретінде қызымның тәрбиесі үшін балабақшамен тығыз байланыста болып тұрамын. Менің өз пікірім балабақшаның ата – аналар комитетіне Бақыткүл апайды және Мақпал апайды ұсынар едім, - деп ұсынысын білдірді.

Жарыс сөз: Ниязбекова А – ата – ана

Балабақшаның ата – анасы А. Ниязбекова сөз алды. Ол өз сөзінде бұл балабақшаға менің үшінші балам келеді. Осы балабақшаға үлкен екі қызым келген. Қазір қыздарым мектеп қабырғасында білім алып жатыр. Балабақшадан өте зерек болып қазіргі таңда үздік оқып келеді. Мен мұндағы тәрбиеші апайларға алғысым шексіз. Елдегі белең алған пандемия кезінде баламен және ата – аналармен үнемі тығыз байланыста болып отырды.

Балаларымыздың жағдайын біліп және ертегілер мен тақпақтар жаттатып үнемі байланыс жасап отырды. Балаларымыз апайларының ертегі видеоролигін күтіп жүретін. Сіздерге және ата – аналарға жақсы күндер тілей отырып, ата – аналар комитетіне мүшелікке Ақбаян апайды ұсынар едым, - деп өз ұсынысын айтты. Топтағы барлық ата – аналар осы ұсыныстарға толық келісетіндерін айтып қолдап, қуаттады.

Жиыналыс шешім етті:

1. «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасының ата – аналар комитетінің төрайымы: Әнетқызы Бақыткүл
«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасының ата – аналар комитетінің мүшелері: Аманбаева Мақпал
Байдаулетова Ақбаян сайлансын.

Балабақша меңгерушісі м.а.

Хатшы:



Жылысбаева Р. М

Ермаханбетова Ж. А

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдәурен бөбекжай-балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
жалпы ата – аналар жиналысының

ХАТТАМАСЫ № 2

Сызған ауылы

21 желтоқсан 2021 жыл

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі, педагогтар және ата – аналар

Жиналыс қашықтан (онлайн) түрінде жасалды

КҮН ТӘРТІБІНДЕ ҚАРАЛАТЫН МӘСЕЛЕ:

1. Баяндама: «Балабақшадағы бала тәрбиесіне ата - ана қалай қатысады?»
тәрбиеші Ганиева Б.А
2. Сауалнама: «Сіз қандай ата - анасыз?»
3. Жаңа жылдық сценаримен таныстырып, балаларға мерекелік
сыйлықтар жасау.
4. Әр түрлі мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ: Жанибекова Г – б/б меңгерушісі

«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасының меңгерушісі Г. Жанибекова сөз алды. Ол өз сөзінде ата – аналарды жаңа жыл мерекелерімен құттықтап, отбасыларына амандық, дендеріне саулық, балаларының қызығына тоймай аман - есен бақытты ғұмыр кешіңіздер, - деп өз тілегін айтты. Балаларымыз бір жыл бойында үйде отырып балалармен қашықтан (онлайн) жұмыс жасадық. Балабақша енді жұмыс жасап балабақшамыз баланың күлкісіне толды. Балабақшаның жылдық жоспарларына сәйкес әртүрлі іс шаралар болып жатыр. Балаларымыз әр түрлі сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болып жатыр. Сондай - ақ, міне жаңа жыл мерекесіде келіп жетті. Сіздерді қашықтан болсада осы мерекелік іс шараның сценарийін сіздермен бірлесе отырып талқылау үшін жалпы ата - аналар жиналысын жасап отырмын. Пікірлеріңіз, ұсыныстарыңыз болса ортаға тастап отырыңыздар. Бірақта өздеріңіз күнделікті жаналықтан естіп отырғандай, жаңа жыл мерекесі

балабақшада ата - анасыз өтіледі. Сондықтан сценаримен танысып, Аяз ата сыйлығын ақылдасып алыңыздар, - деп ата - аналарға ой салды.

Баяндамашы Ганиева Б – б/б тәрбиешісі

Балабақша тәрбиешісі Б. Ганиева «Балабақшадағы бала тәрбиесіне ата - ана қалай қатысады?» тақырыбында баяндама оқыды. Өз баяндамасынды: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі алдында Модельді іске асыруда балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жауапкершілікті жүзеге асыруда ата - аналарға көмек көрсету жолымен оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту мақсаты қойылған.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін:

1. Әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым – қатынас ортану.
2. Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен білім беру ұйымының күш – жігерін біріктіру.
3. Өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, педагогикалық процеске қатысушылардың арасында қарым – қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдану.
4. Балалардың ата – аналармен және заңды өкілдермен сындарлы ынтымақтастыққа қарым – қатынас орнату үшін педагогтарды даярлау көзделеді.

Ата – аналармен жұмыста ата – аналар жиналысының жаңа форматтары, олар тренингтер, семинарлар, ата – аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата – аналар конференциясы, ата – аналармен бейресми байланыс ортану, олардың назарын мектепке дейінгі ұйымға аударуға бағытталған дәстүрлі емес қарым – қатынастар түрінде өтуге тиіс. Ата – аналар өз баласын жақсы білуі керек, өзі үшін таныс емес жағынан көруі тиіс, педагогтармен өзара қарым – қатынаста болуы қажет. Сонымен қатар қай кезде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында бүлдіршіндер тәрбиесін жан – жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтау басты міндетіміз. Сондай – ақ, ата – ана мен балабақша ынтымақтастығы оң нәтиже беру үшін тығыз байланыста болуы қажет. Балаларды мектепке психологиялық дайындықтың қажетті деңгейін қалыптастыруға, құрдастары және педагогтармен қарым – қатынас жасауға бағытталған белгілі бір логикаға құрылған өзара байланысты кіріктірілген сабақтар жүйесін ұсынады. Әрекетті ұйымдастырудың негізгі түрі – ойын сабақтар. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын

ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизімін құрайды. Бала жоспарлаған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады, - деп баяндамасын аяқтады.

Жарыс сөз: Әнетқызы Б – ата – аналар комитетінің төрайымы

Балабақшаның ата – анасы Б. Әнетқызы тәрбиеші Б. Ганиеваның оқыған баяндамасынан көп керекті мағлұмат алдым. Бала тәрбиесінің аса жауапкершілікті талап ететінін білеміз. Балабақша қызметкерлерінің қай қайыссының еңбегін алсақта оңай жұмыс емес. Өте күрделі, аса жауапкершілікті талап ететін жұмыс екенін барлығымыз білеміз. Балаларымыз көптеген жарыстарға қатысып орындар алып жатыр. Күнделікті балабақша тынысын әлеуметтік желіден көріп отырамыз. Сондықтан осы балабақша қызметкерлерін келе жатқан жаңа жыл меркесімен құттықтап, жұмыстарына абырой, табыс, отбасыларына амандық тілеймін. Ал енді бүгінгі ата – аналар жиналыстың балабақшаның сценаріімен танысып, меңгеруші Г. Жанибекованың сөз еткен мәселелерін тыңдадым. Ойларыңызда ортаға салып айтып отырыңыздар, - деп ойын айтты.

Жарыс сөз: Пірназарова Г – ата – ана

1. Балабақшаның ата – анасы Г. Пірназарова сөз алды. Ол өз сөзінде бұл балабақшаға менің үшінші балам келеді. Осы балабақшаға ұлым мен қызым келген. Қазір балаларым мектеп қабырғасында білім алып жатыр. Балабақшадан өте зерек болып қазіргі таңда үздік оқып келеді. Мен мұндағы тәрбиеші апайларға алғысым шексіз. Ия айтылған мерекелік іс шараның сценаріімен таныстық. Балаларымыздың киімдерін өз мойнымызға аламыз. Аяз ата сыйлығында ата - ана болып өзіміз мойнымызға алайық. Әлеуметтік желіде ата - аналар чаты бар. Сол жерде өзіміз апайларымен ақылдаса отырып сыйлықтың бір шешемін табамыз, - деп өз ұсынысын айтты. Бұл ұсынысқа барлық ата - аналар келісетінін айтты.

Балабақша психологі Р. Ходжакулова ата - аналарға «Сіз қандай ата - анасыз?» тақырыбында сауалнама жүргізді.

Сауалнама мақсаты: ата - аналарды зерттей отырып, отбасының бала тәрбиесіне қаншалықты әсері болып жатқанын зерттеу. Ата - аналармен кенесе отырып, бала тәрбиесіне мән беру.

Жиналыс шешім етті:

1. Тәрбиеші Б. Ганиеваның «Балабақшадағы бала тәрбиесіне ата - ана қалай қатысады?» тақырыбындағы баяндамасы қанағаттанарлық.
2. Балабақша психологі Р. Ходжакулваның ата - аналар арасында «Сіз қандай ата - анасыз?» сауалнаманың қорытындысы анықталсын.
3. Балабақшадағы «Қош келдің, Жаңа жыл!» тақырыбындағы мерекелік сценаріі қанағаттанарлық.
4. Балаларға арналған мерекелік сыйлықтар жасау ата - аналар комитетінің төрайымы Б. Әнетқызы және мүшелеріне тапсырылсын.

Балабақша меңгеруші:

Хатшы:



Жанибекова Г Жанибекова Г

Ермаханбетова Ж. А Ермаханбетова Ж. А

**Сөзәк ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен»
бөбекжай – балабақшасы МКҚК – ның ата – аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ № 3**

Сызған ауылы

28 мамыр 2022 жыл

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтар және ата – аналар комитетінің төрайымы мен мүшелері, ата – аналар

Күн тәртібінде:

1. «Отбасында ата – ананың бала тәрбиесінде ықпалының ерекшелігі»
(баяндама тәрбиеші П. Бидаулетова)
2. «Балабақша мен ата – ана арасындағы ынтымақтастықты анықтау»
ата – аналар арасында тест жүргізу (психолог Ходжакулова Р)
3. Ата – аналарға жылдық есеп беру
(әдіскер, психолог, тіл маманы және топ тәрбиешілері)
4. Жазғы сауықтыру іс шара жоспарымен таныстыру
(менгеруші Жанибекова Г)

Тыңдалды: менгеруші Жанибекова Г

Балабақша менгерушісі Г. Жанибекова ата – аналарды оқу жылының аяқталғанын айтып ата – аналарды құттықтады. Балабақшаның жылдық жоспарына сай жыл бойында оқу – тәрбиелеу жұмыстарын ойдағыдай тамамлады. Биылғы жылы 12 бала мектеп табалдырығын аттағалы отыр. Балаларымыздың зейіні ашылып, оқу озағы болып, үлгілі оқушы болуына шын жүректен тілектеспіз. Мектеп педагогтары мен психологімен алдағы жылыда тығыз байланыста боламыз. Балаларымыздың хал – ахуалын қадағалап отырамыз. Балабақшамызда музыка жетекшісі жоқ. Өздеріңіз білесіздер аулымыздың мектептеріндеде бірғана музыка жетекшісі бар. Бұл қызметке кадр мәселесінен қиындық туындап отыр. Сондықтан балабақша педагогтары аяныбай бала тәрбиесіне өз үлестерін қосып келеді. Балабақша тәрбиеленушілері «Тілім – тірегім!» атты аудандық онлайн байқауынан ІІІ Дәрежелі дипломмен марапатталды. «Мен майдангер ұрпағым» республикалық онлайн байқаудан сурет өнерінен Рудел Айша І орынды иеленсе, «Мен майдангер ұрпағым» республикалық онлайн ән байқаудан І орынды Совет Адихан иеленді. Бұл жетістікке сіздер мен педагогтардың үлесі зор. Балаларымыздың қанаттары талмасын, биікке самғасын, өнерлері өрге жүзсін, - деп сөзін аяқтады.

Тыңалды: баяндамашы П. Бидаулетова

Балабақша тәрбиешісі П. Бидаулетова «Отбасында ата – ананың бала тәрбиесінде ықпалының ерекшелігі» баяндама оқыды. Ол баяндамасында: Ұлы педагог А.С. Макаренко: «Балалардың алдында беделді болуды қалайтын ата – ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасын рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата – ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы? Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады», - деген. Отбасы барлығының басы, жан – жақты дамуының негізі болатын тәрбие. Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге ұстаздар мен ата – аналардың бала мен тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түседі. Балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі ролін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір тәрбиеші ата – аналармен қарым – қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жана технологияларды пайдалана отырып, ата – ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата – ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгереді. Ата аналармен жұмыс жүргізудің негізгі шарттары: әрбір отбасының мықты жақтары болады, әр адам жақсы ата – ана болғысы келеді. Барлық отбасы көмекті қажет етеді, көмек түрі отбасының нақты қажеттіліктеріне байланысты болады. Ата – аналармен жұмысты ұйымдастыруда ата – ананы, яғни отбасын тәуелді ету емес, оның қиыншылықтарын жеңуді мүмкіндіктерін нығайту. Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейтіп бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс шараларға, ата – аналар және топ жиналыстарына ата – аналарды тарту қажеттілігі. Ата – аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері:

- топ ішілік ата – аналар жиналысы
- балабақшадағы жалпы ата – аналар жиналысы
- ата – аналар үшін ашық есік күн
- отбасылық жарыстарға қатыстыру

Қазіргі кезде біздің атқарып отырған қызметімізде ата – аналармен тығыз байланыстамыз, - деп өз ойын ауқымды жеткізді.

Тыңалды: психолог Ходжакулова Р

Балабақша психологі Р. Ходжакулова ата – аналарды жетістіктерімен және оқу жылын жақсы аяқтағалғанымен құттықтады. Мектепке кететін бүлдіршіндерімізге жақсы тілектерін айтып, сағтылық тіледі. Балабақша тәрбиешісі П. Бидаулетованың «Отбасында ата – ананың бала тәрбиесінде ықпалының ерекшелігі» баяндамасы

көңілімнен шықты. Ата – ана мен балабақшаның арасында тығыз байланыс орнатсақ бала тәрбиесіне зор үлесімізді қосқанымыз деп білемін. Осы мақсатты жандандыру үшін «Балабақша мен ата – ана арасындағы ынтымақтастықты анықтау» тесін жүргізгім келіп отыр, - деп ата – аналарға сауалнама тестін таратып берді. Ата – аналарға 10 минут уақыт берілді. Барлық ата – ана сауалнама тесін толтырып берді. Тест қорытындысын анықтап диагностикасын шығарды. Балабақша мен тығыз байланыс орната алмайтын ата – аналарды ортаға тарту керегін айтып өтті.

Тыңдалды: әдіскер Жылысбаева Р

Балабақша әдіскері Р. Жылысбаева ата – аналарға жыл бойы атқарылған оқу – тәрбие жұмыстары туралы жылдық есеп берді. Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – балабақшасы МКҚК – да 50 бала тәрбиеленіп жатыр. Балабақша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы мемлекеттік білім беру стандартын, Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысын және Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын негізге ала отырып жұмыс жасадық. Балабақшаның 2021 – 2022 оқу жылына арналған жылдық жоспары 2021 жылдың 31 тамызында менгеріні Г. Жанибекованың қолымен бекітілген. Осы жоспар аясында жоғарыда аталған басшылықты негізге ала отырып жылдық жұмысқа қорытынды жасап отырмыз.

«Балдәурен» бөбекжай – балабақшасында қыркүйек – мамыр айлар аралығында оқу тәрбие жұмыстары, ұйымдастырылған оқу қызметтері, мерекелік іс шаралар жылдық жоспар аясында жүргізілді. Балабақшада 2 топ бар. «Қарлығаш» ортаңғы тобы және «Балапан» кіші топтары. «Қарлығаш» ортаңғы тобында сағат жүктемесі - 12 сағат (вариативтік компоненті қосқанда - 1), оқу ұзақтығы – 15 – 20 минутты құрайды. «Балапан» кіші тобында сағат жүктемесі - 9 сағат оқу ұзақтығы – 10 – 15 минутты құрайды. Жалпы бала саны – 50. Жұмыс аптасы – 5 күндік. Баланың балабақшада болу уақыты – 9 сағат. Күнделікті жұмыс уақыты – 8:30 – 17:30 аралығында. Балабақшада 8 педагог маман бар. Барлығы жоғары білімді. «Өрлеу»

бәліктілік арттыру курсынан – 6 педагог өз білімін жетілдірді. Қазіргі таңда – 1 педагог оқып жатыр. Алдағы уақытта – 1 педагогты оқыту жоспарланып отыр. ПШО (педагогикалық шеберлік орталығы) нан 6 педагог оқып сертификат алды. Енді алдағы жоспарда – 2 педагогты оқыту жоспарланып отыр. Балабақшада 4 педагог ІІ – ші санатты, қалған педагогтарда санат жоқ. Алдағы уақытта 7 педагог мадератор санатына өтініш беріп отыр.

Балаларды тәрбиелеу және оқыту нормативтік – құқықтық құжаттарға және бекітілген жоспарды іске асыру мақсатында балабақшада 4 педагогикалық кеңес өткізілді. № 1 тамыз кеңесінде жаңа оқу жылының жоспарлары талқыланып, күн тәртібінің кестесі, ҰОҚ кестесі, перспективалық жоспарлар, мерекелік іс шаралар талқыланып бекітілді. № 2 қазан кеңесінде ата – аналар мен балабақша арасындағы тығыз байланыс орнату жұмыстары қаралды, № 3 қаңтар кеңесінде ҰОҚ сапасы, вариативті оқу қызметінің жүргізілу сапасы, жарты жылдық есепті тыңдау мәселесі қаралды. № 4 мамыр кеңесінде жылдық есеп беру, жазғы сауықтыру жоспарлары талқыланып бекітілді. **Жоспар бойынша балабақшада 3 рет жалпы ата – аналар жиналысы болды:** Қыркүйек айында «Келіңіз танысайық!» ата – аналарға топтармен таныстырып, жаңа оқу жылының оқу – тәрбие жұмыс жоспарымен таныстырдық. Желтоқсан айында жарты жылдық есеп берілді және мерекелік іс шара жоспарымен таныстырдық. Ал бүгінгі мамыр айында жиналыста жылдық есеп беріліп, жазғы сауықтыру іс шара жоспарларымен таныстырылады.

Сондайақ, балабақша педагогтарының жұмыстарын жандандыру мақсатында педагогтарға талдаулар мен ішкі бақылау жұмыстарын жүргізіп отырдық. Ай сайын әдіскер, психолог, тіл маманы және «Қарлығаш» ортаңғы тобын мен «Балапан» кіші топтанының айлық циклограммалары жасалып отырды.

Қыркүйек айында: балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша ағымдағы нұсқаулық өткізілді.

Қазан айында: төтенше жағдай кезінде балаларды эвакуация бойынша оқу жаттығуларын өткізді.

Желтоқсан айында: өрт шығу кезіндегі сақтық шаралар. Жаңа жылдық іс шаралар өткізу кезіндегі техника қауіпсіздігі өткізілді.

Қаңтар айында: Қыс мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөнінде нұсқаулық өткізілді.

Ақпан айында: Эпидимнология жайсыздық кезінде бақшадағы тұмау ауруының алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Наурыз, сәуір айларында: ертеңгіліктер өткізу кезінде техника қауіпсіздігі жүргізілді.

Мамыр айында: жазғы сауықтыру жұмыстарына техника қауіпсіздігі туралы нұсқаулық жүргізілді.

Тыңдалды: тіл маманы А. Сейткасымова

Балабақшада МДЖБС бойынша қазақ топтарында үш жастан бастап орыс тілінде оқыту негізделген. Осы орайда балабақшала «Қарлығаш» ортаңғы тобында балалармен орыс тілінде ұйымдастырылған оқу қызметтерін өттім. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15 – 20 минутты құрайды. Балалар екі тілде сөйлеуді үйренді. «Қарлығаш» ортаңғы тобында «Дикие животные» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтіп балаларға жабайы жануарлар туралы толық түсінік бердім. Әрбір ұйымдастырылған оқу қызметінде дидактикалық ойындар, үстел үсті ойындар, қимылды ойындар, ребус және жұмбақтар шешу, сергіту сәттері мен тапсырмалар қолдандым. Педагогтардың ұйымдастырылған оқу қызметтеріне қатыса отырып балалардың білім деңгейін арттыру мақсатында жеке жұмыстар жүргізіп отырдым. Жеке балалармен такпақтар, ойындар, сұрақ жауап өткізіп отырдым. Қаңтар айында балабақша психологімен бірлесіп отырып «Қысқы орманға саяхат» тақырыбында апталық іс шара өткіздім. Іс шара жоспары түзіліп меңгеруші қолымен бекітілді. Жоспарда бес күнге іс шара түзілді. Музыка бөлмесін қысқы орман кейпімен безендіріп балаларға ғажайып сәтін көрсетіп және спорттық сайыстар, қысқы ойындар, тренинг ойындар өткіздім. «Мен майдагер - ұрпағым» тақырыбында балалар арасында республикалық онлайн байқауына балабақша тәрбиеленушісі Совет Алиханқы дайындап, байқауға қатысын 1 орынды иеленді.

Тыңдалды: психолог Ходжакулова Р

Балабақшаның 2021 – 2022 оқу жылына арналған перспективалық жоспарын түзіп жыл бойы ата – аналармен, балалармен және балабақша қызметкерлерімен жұмыс жасадым. Балалардың балабақшаға бейімделуін анықтау мақсатында тәрбиеленушілерге жеке паракша арнап олардың күнделікті эмоционалдық көңіл-күйлерін, басқа балалармен, ұжымымен қарым-қатынасын, оқу іс-әрекетіне және ойынға деген қызығушылығын бақылап зерттеу жұмыстарын жүргіздім. «Қарлығаш» ортаңғы топ балаларының арасында баланың балабақшаға қаншалықты деңгейде бейімделгенін анықтау мақсатында «Қаректура жасап көру», «Графикалық диктант» әдістемесі алдым. Сондайақ, «Баланың өзін-өзі бағалауының жетілгендігін анықтау» тақырыбында тест жүргіздім. «Суреттерді есте сақта» (жад), «Жыл мезгілдері», «Реттілігін анықта», «Белгілерді қой» (зейін)

әдістемелері бойынша педагогика-психологияға бағытталған психо-диагностикалық жұмыстар жүргіздім. «Қарлығаш» ортаңғы тобында «Жыл мезгілдері» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметін өттім. Ал «Балапан» кіші тобының балалар арасында «Геометриялық пішіндер» тренингі жүргізілді. «Суреттерді есте сақта», (есте сақтау), «Бір сөзбен ата», (ойлау), «Не жоғалды» (кабылдау), «Төртіншісі артық», «Суреттерде қандай заттар жасырынған» әдістемелері бойынша педагогика-психологияға бағытталған психо-диагностикалық жұмыс жүргіздім. «Балапан» кіші тобында «Мен және менің дене мүшелері» тақырыбында ұйымдастырылған оқу қызметін өтіп және «Аспанға қалай жетуге болады?» психогимнастика жаттығуларын жүргіздім. Отбасы мен балабақша арасында тығыз қарым – қатынас орнату мақсатында, баланың дамуына аса мән беріп жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ананың тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіруде «Балабақша мен отбасы» тренингі өткізілді. Ата-аналармен «Сіз қандай ата-анасыз?» психологиялық тест жүргізілді. Ұжым қызметкер арасында «Мен қандай тәрбишімін?» сауалнама алдым. Қарым-қатынасты диагностикалау барысында, тәрбиешілерден сауалнама алынып және «Ұрпақты тәрбиесі –ел болашағы» тренингі жүргізілді. Қантар айында балабақша тіл маманымен бірлесе отырып «Қысқы орманға саяхат» тақырыбында апталық іс шара өткіздім. Іс шара жоспары түзіліп менгеруші қолымен бекітілді. Жоспарда бес күнге іс шара түзілді. Музыка бөлмесін қысқы орман кейпімен безендіріп балаларға ғажайып сәтін көрсетіп және спорттық сайыстар, қысқы ойындар, тренгинг ойындар өткіздім. «Мен майдангер - ұрпағымын» тақырыбында балалар арасында республикалық онлайн байқауына балабақша тәрбиеленушісі Рулел Айшаны дайындап, байқауға қатысып 1 орынды иеленді. Балабақша ұжымымен, ата-аналармен тығыз байланыс жасап отырдым.

Тыңдалды: тәрбиеші Мусаева Н

«Балапан» кіші тобының тәрбиешісі Н. Мусаева ата – аналарға жылдық есеп берді. «Балапан» кіші тобында өткізілген мерекелік іс шараларға келер болсақ: Қош келдіңдер балалар!, Ана тілің арың бұл, Күз сыйы, Тәуелсіздікке – 30 жыл, Кел жана жыл, жана жыл!, Ы. Алтынсариннің - 180 жылдығы, Аналар асыл жандар!, Қош келдің Өз наурыз!, Біз тату баламыз!, Біз бақытты баламыз! т.б

Ертегілер елінде: Маша мен аю, Шалқан, Бауырсақ, Қасқыр мен жеті лақ, Үш аю т.б

Сауықтыру шаралары: Бақалар, Мен батыл боламын, Шынықсаң шымыр боласың, Кішкентай қояндар, Алақай балақай, Дәрумендер, Қуан шаттан

балақай, Сүйкімді көжектер, т.б

Қауіпсіздік шаралары: От тілсіз жау, Отпен ойнама қауіпті, Айналайын абайла, Ережені білейік аман есен жүрейік т.б

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі: Желтоқсан айында құрастыру білім бөлімінен «Доп» тақырыбында тәрбиеші П. Бидаулетова ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтті. Қаңтар айында сөйлемді дамыту бөлімінен «Шалқан» ертегісін тәрбиеші Н. Мусаева ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтті.

Қыркүйек айында балалардың бастапқы даму мониторингі жасалды. Балалардың 5 білім саласы бойынша білім – білік дағдылары бойынша жүргізілді. Нәтижесінде:

«Қатынас» білім саласы бойынша 32,3 ті құраса

«Таным» білім саласы бойынша 30,5 ті құраса

«Денсаулық» білім саласы бойынша 44,9 ды құраса

«Шығармашылық» білім саласы бойынша 34,5 ті құраса

«Әлеумет» білім саласы бойынша 30,5 ті құрады.

Қаңтар айында балалардың аралық даму мониторингі жасалды.

Балалардың 5 білім саласы бойынша білім – білік дағдылары бойынша жүргізілді. Нәтижесінде:

«Қатынас» білім саласы бойынша 43,6 ті құраса

«Таным» білім саласы бойынша 48,0 ді құраса

«Денсаулық» білім саласы бойынша 67,0 ді құраса

«Шығармашылық» білім саласы бойынша 51,0 ді құрады

Мамыр айында балалардың қорығында даму мониторингі жасалды.

Балалардың 5 білім саласы бойынша білім – білік дағдылары бойынша жүргізілді. Нәтижесінде:

«Қатынас» білім саласы бойынша 88,0 ді құраса

«Таным» білім саласы бойынша 86,6 ны құраса

«Денсаулық» білім саласы бойынша 83,5 ті құраса

«Шығармашылық» білім саласы бойынша 78,8 ді құрады

Қорыта келе: Балабақшада 25 мамыр күні педагогикалық кеңес өтті. Кеңесте балабақшаның жаздық сауықтыру жоспарының іс шарасы талқыланып, бекітілді. Балабақша меңгерушісі Г. Жанибекова педагогтарды кезекті кесте бойынша ақылы еңбек демалыстарына жіберетінін айтып өтті. Балабақшада 27 мамыр күні жалпы ата – аналар жиналысы өтті. Жиналыста ата – аналарға жылдық есеп берілді. Сондайақ, жазғы сауықтыру жоспарымен таныстырылды. Педагогтар жазғы сауықтыру жоспарын жасап бекіткізді және қыркүйек – мамыр айындағы оқу – тәрбие жұмыстарының құжаттарын жинақтап меңгерушіге өткізді. Жаз айларында балабақшаның барлық

педагогтары кесте бойынша кезектесіп ақылы еңбек демалыстарына жіберіледі.

Тыңдалды: тәрбиеші Ганиева Б

«Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі Б. Ганиева сөз алды. Ол өз сөзінде: ата – аналармен амандасып амандық, саулық сұрасты. «Қарлығаш» ортаңғы тобында сіздермен бірлесе отырып жыл бойында біраз жұмыстар атқардық. Атап айтсақ: тобымызда өткізілген мерекелік іс шараларға тоқталсақ Жаса мәңгі - Ана тілім!, Арайлы алтын күз!, Тәуелсіздік – нұр таңым! Танымдық оқу қызметі, Мен еліммен мақтанам! Ата – аналар мен балалар арасында көрме, Еңсесі биік – Қазақстан! Балалар арасында олеі оқу сайысы, Тәуелсіз елдің - ұланы!, Ы. Алтынсариннің - 180 жылдығы, Ана біздің күніміз!, Қош келдің Әз наурыз!, Бірлігіміз жарасқан ұрпақпыз! Бәз батырлар ұрпағымыз! Айгөлек, Қош бол, менің балабақша!

Ертегілер елінде: Қарлығаштың күйрығы неге айыр?, Мақта қыз бен мысық, Маша мен аю, Екі аяз, Қарлығаш пен дәуіт т.б

Сауықтыру шаралары: Дәрігер болғысы келген қоян, Кім жүйрік, Шынықсаң шымыр боласың, Алақай қыс келді, Бөйге, Кел күлейік, балақай, Ормандағы ойындар т.б

Қауіпсіздік шаралары: Отпен ойнама қауіпті, Айналайын абайла, Көңілді бағдашам т.б

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі: Қазан айында сөйлемді дамыту бөлімінен «Алтын күз» тақырыбында тәрбиеші Ж. Алыпбаева ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтті. Қараша айында жаратылыстану бөлімінен «Дәрумендер әлеміне саяхат» тақырыбында тәрбиеші Б. Ганиева ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтті.

Қыркүйек айында балалардың бастанқы даму мониторингі жасалды. Балалардың 5 білім саласы бойынша білім – білік дағдылары бойынша жүргізілді. Нәтижесінде:

«Қатынас» білім саласы бойынша 53,5 ті құраса

«Таным» білім саласы бойынша 53,4 ті құраса

«Денсаулық» білім саласы бойынша 58,4 ті құраса

«Шығармашылық» білім саласы бойынша 51,0 ды құраса

«Әлеумет» білім саласы бойынша 50,5 ді құрады.

Қаңтар айында балалардың аралық даму мониторингі жасалды. Балалардың 5 білім саласы бойынша білім – білік дағдылары бойынша жүргізілді. Нәтижесінде:

«Қатынас» білім саласы бойынша 60,2 ды құраса

«Таным» білім саласы бойынша 64,7 ды құраса

«Денсаулық» білім саласы бойынша 65,4 ды құраса
«Шығармашылық» білім саласы бойынша 64,1 ды құраса
«Әлеумет» білім саласы бойынша 61,5 ды құрады.

Мамыр айында балалардың қорытында даму мониторингі жасалды.
Балалардың 5 білім саласы бойынша білім – білік дағдылары бойынша жүргізілді. Нәтижесінде:

«Қатынас» білім саласы бойынша 99,0 ды құраса
«Таным» білім саласы бойынша 99,0 ды құраса
«Денсаулық» білім саласы бойынша 99,0 ды құраса
«Шығармашылық» білім саласы бойынша 99,0 ды құраса
«Әлеумет» білім саласы бойынша 99,0 ды құрады.

Тыңдалды: меңгеруші Жанибенкова Г

Балабақша меңгерушісі Г. Жанибекова ата – аналарды жазғы сауықтыру іс шара жоспарымен таныстырды. «Балапан» кіші тобы мен «Қарлығаш» ортаңғы тобында күн тәртібі, сабақ кестесін, мерекелік іс шара мен сауықтыру шаралары туралы тоқталып өтті. Алдағы шілде айында балабақшаны актеу, сырлау жұмыстарын жүргізу үшін балабақшаны бір айға жабамыз. Сол кезде балаларды бір айға демалысқа жібереміз. Тамыз айында жұмысымызды жалғастырамыз. Маусым айында толық жұмыс жасаймыз. Ал енді демалысқа шығытын, мектепке кететін балаларымызға сәттілік тілеймін. Жазғы демалыста жақсы демалып жаңа оқу жылына керемет көңіл – күймен кездесейік, - деп сөзін аяқтады.

Жарыссөз: ата – аналар комитетінің мүшесі Б. Әнетқызы

Балабақшаның ата – аналар комитетінің мүшесі Б. Әнетқызы жоғарыда айтылған педагогтардың жылдық есебене көңілім толып отыр. Алдарыңызда 25 баладан отыр. Әрқайысысы жыламай тамақ ішпейтін әр үйдің еркелері мен серкелері. Солардың көңілін тауып балаша кейіпке енесіздер. Жоғарыда айтылған баяндамада айтылғандай ата – ана мен балабақша қоян қолтық жұмыс жасаса жақсы нәтиже береді. Жазғы сауықтыру жоспарыменде таныстық. Енді сіздерге абырой мен сәттілік тілейміз. Бұл жылды жақсы аяқтадық. Алдағы жылғада сәттілік серік болсын. Педагог апайларымыз алдағы еңбек демалыстарын жақсы өткізіп жақсы шабытпен оралсын, - деп сөзін аяқтады. Барлық ата – аналар осы Б. Әнетқызын қолдап, қуаттады.

Жиналыс шешім етті:

1. «Отбасында ата – ананың бала тәрбиесінде ықпалының ерекшелігі» тақырыбындағы баяндамашының баяндамасы қанағаттанарлық.
2. «Балабақша мен ата – ана арасындағы ынтымақтастықты анықтау» мақсатында ата – аналар арасындағы тест нәтижесі анықталсын.
3. Балабақша педагогтарының әдіскер, психолог, тіл маманы және топ тәрбиешілерінің жылдық есебі қанағаттанарлық.
4. Ата – аналарды жазғы сауықтыру іс шара жоспарымен таныстырылсын.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Жанибекова Г
Бекболатова Ж

Жанибекова Г
Бекболатова Ж